

Бухгалтерлік есеп саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бухгалтерлік ұйымдар мен кәсіби бухгалтерлерге арналған қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 5 қарашадағы № 477 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 3 желтоқсанда № 9920 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 915 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 24.09.2020 № 915 (15.11.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз  
Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.12.2015 № 709 (06.02.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" 2009 жылғы

28 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 3-2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Бухгалтерлік есеп саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бухгалтерлік ұйымдар мен кәсіби бухгалтерлерге арналған қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.12.2015 № 709 (06.02.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті (Б.Ш. Тәжіяқов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2014 жылғы 15 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі*

*Б. Сұлтанов*

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2014 жылғы 5 қарашадағы  
№ 477 бұйрығымен  
бекітілген

**Бухгалтерлік есеп саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бухгалтерлік ұйымдар мен кәсіби бухгалтерлерге арналған қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар**

**Ескерту. Талаптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.12.2015 № 709 (06.02.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

**Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 10.11.2017 № 658 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Осы Бухгалтерлік есеп саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бухгалтерлік ұйымдар мен кәсіби бухгалтерлерге арналған қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар (бұдан әрі - Талаптар) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - АҚ/ТҚҚ туралы Заң) және Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (бұдан әрі - ФАТФ) халықаралық үлгілеріне сәйкес әзірленді.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.12.2015 № 709 (06.02.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы Талаптарда Қаржы мониторингінің субъектілеріне бухгалтерлік есеп саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бухгалтерлік ұйымдар мен кәсіби бухгалтерлер (бұдан әрі – Субъектілер) жатады.

3. Егер Талаптарда өзгеше көзделмесе, онда Талаптарда қолданылған ұғымдар АЖ/ТҚҚ туралы Заңда және "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген мағынада пайдаланылады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.12.2015 № 709 (06.02.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Талаптар мақсатында мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 10.11.2017 № 658 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2) клиент – Субъектілердің қызметін пайдаланатын жеке және заңды тұлға;

3) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдері – Субъектілерді қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру процестеріне немесе өзге қылмыстық істерге қасақана немесе байқамай тарту мүмкіндігі;

4) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін басқару – қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерінің мониторингі, оларды айқындау, сондай-ақ оларды төмендету бойынша Субъектілер қабылдайтын шаралар жиынтығы (қызметтерге, клиенттерге қатысты);

5) ҚМ-1 нысаны – АЖ/ТҚҚ туралы Заңның 10-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 қарашадағы

№1484 Қаулысымен бекітілген Қаржы мониторингі субъектілерінің қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты беру ережесімен айқындалған нысан.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 10.11.2017 № 658 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Ішкі бақылау:

1) Субъектілердің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы (бұдан әрі – АЖ/ТҚҚ) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауды қамтамасыз етуі;

2) Субъектілердің ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру (бұдан әрі – АЖ/ТҚ) тәуекелдерін басқару үшін жеткілікті деңгейде қолдау;

3) АЖ/ТҚҚ тәуекелдерін төмендетуі мақсатында жүзеге асырылады.

6. Ішкі бақылау ережелері (бұдан әрі – ІБЕ) АЖ/ТҚҚ-ға бағытталған жұмыстың ұйымдық негіздерін реттейтін және Субъектілердің АЖ/ТҚҚ мақсатында іс-әрекет жасау тәртібін белгілейтін құжат болып табылады.

7. ІБЕ АЖ/ТҚҚ туралы Заңның 11-бабы 3-тармағына сәйкес бағдарламаларды қамтиды.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 10.11.2017 № 658 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**8. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 10.11.2017 № 658 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**9. Алып тасталды – ҚР Қаржы министрінің 10.11.2017 № 658 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Егер АЖ/ТҚҚ туралы заңнамаға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, Субъектілер олар күшіне енген уақыттан бастап 30 күнтізбелік күн ішінде ІБЕ тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

## **2-тарау. ІБЕ іске асыру және сақтау үшін жауапты қаржы мониторингі субъектілері қызметкерлеріне қойылатын талаптарды қоса алғанда АЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы**

**Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 10.11.2017 № 658 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. АЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы:

1) жауапты тұлға не құрылымдық бөлімше қызметінің сипаттамасын қоса алғанда ішкі бақылауды ұйымдастыру тәртібінен, сонымен қатар АЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды жүзеге асыру барысында Субъектілердің басқа құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл рәсімінен;

2) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды тоқтатып қою шараларды қабылдау, жеке тұлғаға іскерлік қатынастар орнатудан бас тарту, ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операция жасаудан бас тарту және клиентпен іскерлік қатынастарды орнатуды тоқтату рәсімінен;

3) зерделеуге жататын күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларды Субъектілердің күдікті операция ретінде тану рәсімінен;

4) Клиенттің қылмыстық кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар операцияларды күдікті ретінде тану рәсімінен;

5) қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы, клиентпен іскерлік қатынастарды орнатудан бас тарту, клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтату, ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тарту фактілері туралы, уәкілетті органға мәліметтерді, ақпаратты және құжаттарды беру үшін қолданылатын автоматтандырылған ақпараттық жүйелер және бағдарламалық қамтамасыз ету нұсқамалары мен регламенттерін қоса алғанда, уәкілетті органға ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операцияларды тоқтатып қою жөніндегі шаралар туралы мәліметтер мен ақпараттар беру рәсімінен;

6) клиенттің дерекнамасын және онымен хат-хабар алмасуды қосқанда, клиентті тиісінше тексеру нәтижелері бойынша алынған құжаттар мен мәліметтерді, қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар, сонымен қатар күдікті операциялар туралы құжаттар мен мәліметтерді, сондай-ақ барлық күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларды зерделеу нәтижелерін құжаттық тіркеу және сақтау рәсімінен.

Қаржы мониторингіне жататын және уәкілетті органға берілетін операцияларды құжаттық тіркеу нөмірленген, тігілген, басшының қолы және мөрімен бекітілген қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтерінің есебі журналында жазылады.

Қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтерінің есебі журналында:

ақпаратты уәкілетті органға беру нөмірі мен күні;

хаттаманы жіберу негізі;

уәкілетті органның ҚМ-1 нысанын қабылдауы/қабылдамауы туралы хабарлама нөмірі мен күні;

7) Субъектілердің қызметкерлері оларға белгілі болған АЖ/ТҚҚ туралы заңнаманы, ІБЕ Субъектілер қызметкерлерінің бұзу фактілері туралы басшыны ақпараттандыру рәсімінен құралады.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 10.11.2017 № 658 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11-1) ІБЕ ұйымдастыру, іске асыру және сақтау мониторингі бойынша ІБЕ жауапты тұлға не құрылымдық бөлімше тағайындауды көздейді.

Жауапты тұлғаның лауазымына жоғарғы білімі жоқ, экономикалық қызмет саласында ауырлығы орташа, ауыр және аса ауыр қасақана жасалған қылмыстары үшін алынбаған және жойылмаған сотталғандығы бар тұлға тағайындалмайды.

**Ескерту. 2-тарау 11-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 10.11.2017 № 658 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

12. Жауапты лауазымды тұлғаның не құрылымдық бөлімшенің ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасына сәйкес мынадай:

1) ІБЕ әзірлеу және келісу, оларға басшымен бірге өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ оларды іске асыру және сақтау мониторингі;

2) АЖ/ТҚҚ туралы Заңға сәйкес қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты уәкілетті органға беруді ұйымдастыру және бақылау;

3) клиент операцияларын күдікті ретінде тану туралы шешімдер қабылдау;

4) Клиент операцияларын күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларға, қылмыстық кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар операцияларға жатқызу туралы шешімдер қабылдауды;

5) клиент операцияларын тоқтату не жүргізуден бас тарту және уәкілетті органға жолдау қажеттілігі туралы шешімдер қабылдау;

6) клиенттермен іскерлік қатынастар орнату, жалғастыру не тоқтату туралы шешімдер қабылдау;

7) клиенттермен іскерлік қатынастар орнату, жалғастыру не тоқтату туралы шешімдер қабылдау үшін Субъекті басшысына сұраулар жолдау;

8) клиентке (оның өкіліне) және бенефициарлық меншік иесіне қатысты қабылданған шешімдерді құжаттық тіркеу;

9) ІБЕ іске асыру барысында алынған деректер негізінде клиенттің дерекнамасын қалыптастыру;

10) анықталған ІБЕ бұзу туралы басшыға ақпарат беру;

11) ІБЕ іске асыру қорытындылары және АЖ/ТҚҚ тәуекелдерін басқару жүйесін және АЖ/ТҚҚ ішкі бақылауды жетілдіру жөнінде ұсынылатын шаралар туралы Субъекті басшысына есепті ұсыну үшін ақпарат дайындау;

12) клиенттің дерекнамасын және онымен хат-хабар алмасуды қоса алғанда, клиентті тиісінше тексеру нәтижелері бойынша алынған құжаттар мен мәліметтерді, қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар, сонымен қатар күдікті операциялар туралы құжаттар мен мәліметтерді, сондай-ақ барлық күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше



операцияларды зерделеу нәтижелерін клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтатқан күннен бастап кемінде бес жыл сақтауды қамтамасыз ету;

13) АЖ/ТҚҚ туралы заңнамаға және Субъектілердің ішкі құжаттарына сәйкес өзге функциялары бар.

**Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 10.11.2017 № 658 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

13. Субъектілер жүктелген функцияларға сәйкес:

1) өз қызметін жүзеге асыру барысында алынған ақпаратты құпия сақтауды қамтамасыз етеді;

2) АЖ/ТҚҚ туралы заңнаманы орындауын бақылауды жүзеге асыру үшін тиісті мемлекеттік органдарға ақпарат береді.

3) АЖ/ТҚҚ туралы Заңның 10-бабының 3-1-тармағына сәйкес уәкілетті органға оның сұратуы бойынша қажетті ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды ұсынады.

Субъект және оның қызметкерлері клиенттер мен өзге де тұлғаларды осындай клиенттер туралы және олар жасайтын операциялар туралы ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды уәкілетті органға бергені туралы хабарламайды.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.12.2015 № 709 (06.02.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **3-тарау. АЖ/ТҚ тәуекелін басқару бағдарламасы**

**Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 10.11.2017 № 658 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

14. АЖ/ТҚ тәуекелін басқару бағдарламасы клиенттің операциясын жүзеге асыратын тұлғаның тәуекел деңгейін беру арқылы АЖ/ТҚ байланысты клиенттің ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларын жүргізу тәуекеліне баға беруді көздейді.

Ескерту. Тәуекел деңгейлері қолда бар мәліметтер негізінде қалыптастырылады.

Тәуекелдерді бағалау қорытындылары құжаттық тіркеледі және тиісті мемлекеттік органдардың және Субъекті мүше болып табылатын қаржы емес ұйымдардың талаптары бойынша ұсынылады.

операциялардың (іскерлік қатынастардың) мониторингі нәтижесі мен клиент (клиенттер тобы) туралы ақпараттарды жаңартуына қарай клиенттің (клиенттер тобының) тәуекел дәрежесі субъектімен қайта қаралады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 10.11.2017 № 658 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. АЖ/ТҚ тәуекелін басқару бағдарламасында тәуекелдің жоғары деңгейі:

1) мынадай:

ФАТФ ұсынымдарын орындамайтын және (немесе) жеткілікті орындамайтын

;

жемқорлықтың немесе өзге қылмыстық әрекеттері жоғары деңгейі;

Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан әрі – БҰҰ) салатын санкцияларына, эмбарго және сол сияқты шараларға ұшыраған;

террористік (экстремистік) әрекеттерді қаржыландыру немесе қолдау көрсететін және белгіленген террористік (экстремистік) ұйымдары бар мемлекеттен (аумақтан) келген клиенттердің іскерлік қатынастары мен мәмілелеріне;

Осындай мемлекеттердің (аумақтардың) тізбелеріне БҰҰ-ның және халықаралық ұйымдардың деректері бойынша сілтемелер уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында жарияланады;

2) мынадай жағдайларда клиентке:

клиент шетелдік жария лауазымды тұлға болып табылған;

клиент жария халықаралық ұйымның лауазымды тұлғасы болып табылған;

клиент шетелдік жария лауазымды тұлғаның мүддесіне (пайдасына) әрекет ететін тұлға болып табылған;

клиент шетелдік жария лауазымды тұлғаның отбасы мүшесі, жақын туысы болып табылған;

клиент (оның өкілі) не бенефициарлық меншік иесі, не операция бойынша клиенттің контрагенті АЖ/ТҚҚ туралы Заңның 16-бабының 13 тармақшасына сәйкес бекітілетін оффшорлық аймақтар Тізбесіне енген мемлекетте немесе аумақта тіркелген немесе қызметін жүзеге асырады;

клиент АЖ/ТҚҚ туралы Заңның 12-бабына сәйкес Терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енген;

клиент резидент емес болып табылған;

клиент жарғылық капиталында мемлекеттік меншік үлесі бар ұйым болып табылған;

мемлекеттік тіркеу кезінде клиенттің мәлімдеген орны оның басқару органының іс жүзіндегі қызмет орнымен сәйкес келмеген;

клиентпен іскерлік қатынас (мысалы, Субъекті мен клиенттің арасында түсініксіз географиялық арақашықтық бар) ерекше жағдайларда жүзеге асырылған;



клиенттің қызметі қолма-қол ақшаның қарқынды айналымымен байланысты болған;

клиент берген мәліметтерді тексеру кезінде Субъектілерде қиындықтар пайда болған;

клиент асығыс операция жүргізуді талап еткен;

Субъектілердің пайдаланылуы әдеттегі тәжірибесінен айрықшаланатын стандартты емес немесе есеп айырысудың әдеттегіден күрделі схемаларын жүргізуді талап еткен;

клиент жаңа, сондай-ақ қолда бар өнімдерге берудің жаңа тетіктерін, жаңа немесе дамып келе жатқан технологияларды қоса алғанда жаңа өнімдерді және жаңа іскерлік тәжірибені қолданған;

клиент қаржы мониторингі рәсімдерінен жалтаруға бағытталған іс-қимыл жасаған;

клиент коммерциялық емес ұйым болып табылған;

клиенттің операциялары бұрын күдікті деп танылған;

АЖ/ТҚ-ның жоғары тәуекелімен байланысты клиент туралы өзге ақпарат болған;

3) операцияларға:

тараптардың іс жүзінде қатысуынсыз жүргізілетін;

белгісіз немесе байланысты емес үшінші тұлғаның атынан немесе оның пайдасына жүргізілетін;

қолма-қол есеп айырысуды қоса алғанда жасырын банк шоттарымен немесе жасырын, жалған есімдерді пайдаланумен байланысты;

айқын экономикалық мәні жоқ немесе анық заңды мақсаты жоқ;

клиенттің оған тән емес жиілікпен немесе осы клиент үшін ерекше ірі сомаға жүргізілген;

АЖ/ТҚ-ның жоғары тәуекелі туралы ақпарат бар болған жағдайда беріледі.

АЖ/ТҚ тәуекелінің жоғары деңгейі берілген клиенттерге АЖ/ТҚҚ туралы Заңның 5-бабы 7-тармағына сәйкес клиенттерді тиісінше тексерудің күшейтілген шаралары қолданылады.

АЖ/ТҚ тәуекелін басқару бағдарламасында тәуекелдің төмен деңгейі:

1) мынадай:

ФАТФ ұсынымдарын орындамайтын және (немесе) жеткілікті орындамайтын мемлекеттер (аумақтар) тізбесіне енбеген;

жемқорлық немесе өзге қылмыстық әрекеттері төмен деңгейдегі мемлекеттен (аумақтан) келген жеке және заңды тұлғалардың іскерлік қатынастары мен мәмілелеріне;

2) клиентке егер клиент:

қаржы мекемесі – қаржы мониторингі субъектісі болған және соңғы бір жылда АЖ/ТҚҚ туралы заңнаманы сақтамағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылмаған жағдайда;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылғанда;

қор биржасында тіркелген ұйым болып табылғанда;

3) операцияларға:

мемлекеттік қызметшілердің мүлікті (коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталындағы үлестерді, акцияларды және өзге мүлікті, сонымен қатар жалдауға берілген мүлікті) сенімгерлікпен басқаруға беру бойынша;

мүлікті пайдалану тәртібі туралы шартты растаумен байланысты беріледі.

АЖ/ТҚ тәуекелінің төмен деңгейі берілген клиенттерге АЖ/ТҚҚ туралы Заңның 5-бабы 7-тармағына сәйкес клиенттерді тиісінше тексерудің жеңілдетілген шаралары қолданылады.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.12.2015 № 709 (06.02.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 10.11.2017 № 658 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

#### **4-тарау. Клиенттерді сәйкестендіру бағдарламасы**

**Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 10.11.2017 № 658 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

16. Клиенттерді сәйкестендіру бағдарламасы клиент жүзеге асырған операцияларды қаржыландыру көзі туралы мәліметтерді қоса алғанда клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтерді, анықтау, бұрын алынғанды жаңарту бойынша іс-шараларды Субъектілердің жүргізуі болып табылады және:

1) АЖ/ТҚҚ туралы Заңның 5-бабының талаптарына сәйкес клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін тиісінше тексеру жөніндегі шараларды сақтау;

2) АЖ/ТҚҚ туралы Заңның 5-бабы 3-тармағының б) тармақшасына сәйкес клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру;

3) АЖ/ТҚҚ туралы Заңның 12-бабына сәйкес Терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде көзделгендей клиентке (оның өкіліне) және бенефициарлық меншік иесіне қатысты олардың терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысының бары немесе жоғы;

4) АЖ/ТҚҚ туралы Заңның 8-бабының талаптарына сәйкес клиенттің шетелдік жария лауазымды тұлғаға, оның отбасы мүшелеріне және жақын туыстарына жататынын және (немесе) қатыстылығын тексеру;

5) сәйкесінше тіркелген, тұратын жері және орналасқан жері бар клиенттерді анықтау:

ФАТФ ұсыныдарын орындамайтын және (немесе) жеткілікті орындамайтын мемлекетте (аумақта) не АЖ/ТҚҚ туралы Заңның 4-бабы 4-тармағы 4) тармақшасына сәйкес көрсетілген мемлекетте (көрсетілген аумақта) тіркелген банктегі шоттарды пайдаланушы;

оффшорлық аймақтарда;

6) болжамдалатын мақсаттар мен іскерлік қатынастар сипатын белгілеу.

АЖ/ТҚ тәуекелінің жоғары деңгейі бар клиенттер үшін болжамдалатын мақсаттар мен іскерлік қатынастар сипатын белгілеу кезінде қызмет түрі және жасалатын операциялардың қаржыландыру көзі туралы қосымша мәліметтер сұратады.

АЖ/ТҚ тәуекелінің төмен деңгейі бар клиенттер үшін болжамдалатын мақсаттар мен іскерлік қатынастар сипатын белгілеу клиент операциялары сипатының негізінде анықталады.

7) тәуекел деңгейін беруге байланысты клиентке тәуекелдерді басқару бағдарламасына сәйкес клиентті тиісінше тексеру бойынша шараларды қабылдау ;

8) клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік туралы сәйкестендірілген мәліметтердің өзгерісіне қарай сәйкестендіру нәтижелері туралы алынған мәліметтерді жылына кемінде бір рет жаңарту;

АЖ/ТҚ тәуекелінің деңгейі жоғары клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтер жарты жылда кемінде бір рет жаңартылып отырады.

АЖ/ТҚ тәуекелінің деңгейі төмен клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтерді жаңарту екі жылда кемінде бір рет жүзеге асырылады.

Клиентке іскерлік қатынастарды орнатудан және ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция жасаудан бас тартылған жағдайда, АЖ/ТҚҚ туралы Заңның 3-бабының 3-тармағының 1), 2), 2-1), 4) және 6) тармақшаларында көзделген шараларды қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, Субъектілер уәкілетті органдарға ҚМ-1 нысаны бойынша осындай бас тарту фактісі жөнінде хабарлама жібереді.

АЖ/ТҚҚ туралы Заңның 5-бабы 3-тармағының 6) тармақшасында көзделген шараларды қолдану мүмкін болмаған жағдайда, сондай-ақ клиент жасайтын операцияларды зерделеу процесінде клиент іскерлік қатынастарды АЖ/ТҚ

мақсатында пайдаланады деген күдік туындаған жағдайда, Субъектілер клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтатуға құқылы. Егер іскерлік қатынастар жоғарыда көрсетілген негіздер бойынша тоқтатылса, Субъектілер уәкілетті органға ҚМ-1 нысаны бойынша хабарлама жібереді.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.12.2015 № 709 (06.02.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

16-1. Егер Субъект КЖ/ТҚҚ туралы Заңға сәйкес шарт негізінде өзге тұлғаға КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 5-бабы 3-тармағының 1), 2), 2-1) және 4) тармақшаларында көзделген шараларды Субъект клиенттеріне қатысты қолдануды тапсырса, Субъект мұндай тұлғалармен өзара іс-қимыл қағидаларын әзірлейді, ол мыналарды қамтиды:

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен Субъектілердің шарт жасау рәсімін сонымен қатар сондай шарт жасауға уәкілетті Субъектінің лауазымды тұлғаларының тізімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен Субъектінің арасындағы шартқа сәйкес клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру рәсімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен сәйкестендіру өткізу кезінде алынған мәліметтерді Субъектінің беру мерзімі мен рәсімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалардан алынған мәліметтерді Субъектіге беру мерзімі мен толықтығын қоса алғанда, сәйкестендіру бойынша талаптарды, сондай-ақ анықталған бұзушылықтарды жою бойынша Субъектінің қабылдаған шараларының сақталуын бақылауды Субъектінің жүзеге асыру рәсімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен олар сәйкестендіру бойынша талаптарды оның ішінде алынған мәліметтерді, сондай-ақ мұндай шешім қабылдауға уәкілетті Субъектінің лауазымды тұлғаларының тізбесін сақтамаған жағдайда олармен шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы Субъектінің шешім қабылдауының негіздерін, рәсімін және мерзімін;

Сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалардан алынған мәліметтерді Субъектіге рәсімін, беру мерзімі мен толықтығын қоса алғанда, олардың сәйкестендіру бойынша талаптарды сақтамағаны үшін Субъект сәйкестендіру өткізу тапсырған жауапты тұлғалар туралы ережелерді;

Сәйкестендіру бойынша талаптарды орындау мақсатында оларға әдістемелік көмек көрсету мәселесі бойынша сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен Субъектілердің өзара іс-қимыл рәсімін;

Өзара іс-қимыл қағидаларына Субъектінің қосымша шарттар енгізуіне рұқсат етіледі.

Ескерту. 4-тарау 16-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 10.11.2017 № 658 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**5-тарау. Клиенттердің күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларын зерделеуді қоса алғанда, клиенттердің операцияларына мониторинг жүргізу және оларды зерделеу бағдарламасы**

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 10.11.2017 № 658 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Клиенттердің күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларын зерделеуді қоса, клиенттердің операцияларына мониторинг жүргізу және оларды зерделеу бағдарламасы АҚ/ТҚҚ туралы Заңның 4-бабының 5 тармағында көрсетілген операцияларды анықтау болып табылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 10.11.2017 № 658 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Субъект клиентке АЖ/ТҚ тәуекелінің жоғары деңгейін берілген жағдайда, жоспарланған немесе жүргізілген операциялардың себептерін анықтау мақсатында клиенттің аталған Субъекте өткізілген барлық операцияларды қосымша зерделейді және тексеруді талап ететін операциялардың сипатын анықтайды.

Субъект клиентке АЖ/ТҚ тәуекелінің төмен деңгейі берілген жағдайда клиенттің ағымдағы операциясын зерделейді.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.12.2015 № 709 (06.02.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Клиенттердің операцияларына мониторинг жүргізу және оларды зерделеу бағдарламасын іске асыру аясында алынған мәліметтер құжаттық тіркеледі және клиенттің дерекнамасына енгізіледі.

20. АҚ/ТҚҚ туралы Заңның 4-бабы 1, 2, 3 және 5-тармақтарында көрсетілген клиент операцияларының мониторингі нәтижесінде анықталғандар туралы мәліметтер мен ақпаратты субъект қазақша немесе орыс тілдерінде уәкілетті органға ФМ-1 нысаны бойынша ұсынады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 10.11.2017 № 658 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Субъектілер міндетті зерделеуге жататын операциялар туралы хабарламаны осындай операция күдікті ретінде танылған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға ұсынады.

## **6-тарау. Субъектілер қызметкерлерін АЖ/ТҚҚ мәселелері бойынша даярлау және оқыту бағдарламасы**

**Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 10.11.2017 № 658 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

22. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10001 тіркелген "Қаржы мониторингі субъектілерін жұмыскерлерді даярлау және оқыту бойынша қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 28 қарашадағы № 533 бұйрығымен бекітілген АЖ/ТҚҚ мәселелері бойынша даярлау және оқыту бағдарламасы жұмыскерлерді даярлау және оқыту бойынша қойылатын талаптарға сәйкес әзірленді.

**Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 28.12.2015 № 709 (06.02.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**